

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының төрағасы
Ж.К.Асановқа

Жамбыл облысы, Майынқұл
ауданы, Майынқұл ауылы,
Амангелді көшесі, №112 А
Үйінің тұрғындарынан

Алғыс хат

Қазақстан Республикасының		
Жоғарғы Соты		
№23	07	2019 ж.
Кіріс №	2991	Бет 3

Біздер Жамбыл облысы, Майынқұл ауданы,
Майынқұл ауылы, Амангелді көшесі, №112 А екі
қабатты үйдің пәтерлерінде 2008 жылдың
мамыр айынан бері отбасымызбен тұрып
келе жаттық. Сол жылы ауыл әкімі
аталған үйді үй кезегінде тұрған ауыл
тұрғындарына таратып берген болатын.
2008 жылдан бері осы үйдің пәтерлерін адал,
ашық және ұдайы пайдаланып, иеленіп, өз
мүлкіміз ретінде қарап, жөндеу
жұмыстарын жүргізіп, салықтар мен
коммуналдық төлемдерді төлеп отырдық.
Алайда үйдің ешбір құжаттары жоқ
болатын. Осының кесірінен тұрғылықты
жеріміз байынша тіркеуге де тұра алмадық.
Мектепке, бала-бақшаға, жұмысқа тұруға,
жәрдемақыға құжат жинау үшін де
тіркелген мекен-жайың болуы қажет. Әркім
әр жерде тұрғындарының үйлерінде тіркеліп
келді. Бұл мәселе байынша бірнеше рет ауыл
әкімдігіне жүгініп, еш нәтиже шығара

алмады. Биліп Жамбыл облысының Майынкүм аудандық сотына жауапкер «Майынкүм ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне мүлікке меншік құқығымызды тану туралы талап арызбен жүргіндік. Іс судья Б.К.Далимбаевтың әндірісіне түсіп, қаралды. Істі қарау барысында сот Азаматтық және Азаматтық процесстік кодексе заңдылықтарын басшылыққа алып, талап арызымызды толықтай қанағаттандырып, үйге қатысты меншік құқығымызды тану туралы шешім шығарды.





















Он бір жылдан бері шешілмей, сергелдеңге салып келе жатқан өзекті мәселеміз шешіліп, мығымыздан ауыр жүк түскендей болып, ақыры өз үйіміздің егесі болу бақытына қол жеткізуімізге ықпал етті.

Істі қарауда жоғары кәсіби іскерлігін көрсеткен, объективті әрі әділ қараған Майынкүм аудандық соты судьясы Б.К.Далимбаевқа, сот төрағасы Б.Б.Абуев пен Жамбыл облыстық сотының төрағасы Р.М.Мырзақәрімге, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.К.Рустембековке, жалпы еліміздегі сот төрелігіне айтар алғысымыз шексіз.

Әділдіктің, мыңдықтың бар екендігіне көзімізді жеткізіп, қазіргі сот жүйесін дамытуға, жаңғыртуға, халықтың сотқа деген сенімін арттыруға қосып жатқан сүбелі үлесі үшін, Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сатының төрағасы Жақын Қажманұлы Асановқа да бірауыздан алғыс білдіреміз.

Алғыс білдірушілер:

А.Үттепбергенова	
А.Мумиева	
М.Суртанова	
Г.Исаева	
Т.Қобеев	
С.Алиева	
А.Ибраева	
Ж.Бекбалтаева	
Ж.Карманова	
М.Бекбалтаева	
Р.Абдрасилова	
Н.Керимкулова	
П.Бекбалтаева	
К.Райымбексов	
А.Нурланова	
А.Сатаева	
Т.М.Тасболатова	
Ү.Касенова	
Ж.Байкулова	
С.Тойбаева	

09.07.2019 жыл